

3. Сапарғалиев Г. Конституционное право Республики Казахстан: академический курс. – Алматы: Жеті Жарғы, 2002. – 314 с.
4. Котов А.К. Суверенный Казахстан: гражданин, нация, народ. – Алматы, 1997. – 477 с.
5. Матюхин А.А. Гражданское общество и государство в Казахстане: основные понятия и особенности становления. – Алматы, 2004. – 337 с.
6. Мюллерсон Р.А. Права человека: идеи, нормы, реальность. - М.: Юридическая литература, 2016. - С. 2.
7. Послание Президента Республики Казахстан Касым-Жомарта Токаева «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество» от 1 сентября 2022г.

## АНГЛОСАКСОНДЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ОТБАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН ДАМУЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ ҮРДІСТЕР

*Ғалы Ж.О., з.ғ.м., аға оқытушы, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ заң факультеті*  
*Туякова Н.Б., з.ғ.м., аға оқытушы, Е.А. Бөкетов атындағы ҚарУ заң факультеті*

Англосаксондық құқықтық отбасы әлемдегі ең көп таралған отбасылардың бірі. Ол Англия, АҚШ, Канада, Австралия, Солтүстік Ирландия, Жаңа Зеландия және басқа да көптеген мемлекеттердің аумағын қамтиды. Қазіргі уақытта жер шары халқының үштен бір бөлігі осы құқықтық отбасының, әсіресе оның өзегі - ағылшын құқығының негізі болып табылатын қағидалар бойынша өмір сүреді.

Ағылшын-американдық құқықтық отбасындағы құқық құрылымы, құқық тұжырымдамасының өзі, заң тілі, роман-германдық құқықтық отбасына қарағанда мүлдем өзгеше. Ағылшын құқығында жария және жеке құқықтың бөлінуі жоқ, оның орнына «Жалпы құқық» және «Әділдік құқығы» деп бөлу қалыптасқан. Ағылшын құқығының салалары континенттік құқықтық жүйелердегідей айқын көрініс таппаған және оларды жіктеу мәселелеріне аз көңіл бөлінеді. Құқықтың салаларға бөлінуінің болмауы негізінен екі факторға байланысты. Біріншіден, барлық соттар бірінғай юрисдикцияға ие, яғни олар істердің әртүрлі санаттарын қарастыра алады: жария және жеке-құқықтық, азаматтық, сауда, қылмыстық және т.б. Бөлінген юрисдикция құқық салаларының аражігін ажыратуға әкеледі, ал бірыңғай юрисдикция керісінше әрекет етеді. Екіншіден, ағылшын құқығы сот практикасы мен жекелеген мәселелер бойынша заңнамалық реформалар арқылы біртіндеп дамыды. Англияда еуропалық типтегі кодекстер жоқ, сондықтан ағылшын заңгеріне құқық біртекті болып көрінеді. Ағылшын доктринасында құқықтың құрылымдық айырмашылықтар жөнінде даулар жоқ. Ағылшын доктринасында жалпы нәтиже теориялық негіздемеден маңызды [1; 133].

Сот төрелігін жүзеге асыру кезінде сақталуы тиісті негізгі қағида - ұқсас істер ұқсас жолмен шешілуі керек. Ағылшын соттарының тәжірибесінде, судья істі басқа судья шешкендей шешуге бейім болмайтын бірде-бір сот кездеспейді. Себебі барлық жерде дерлік сот прецеденті белгілі бір дәрежеде сендіргіш күшке ие, себебі «stare decisis» (бұрын шешілгендей шешу) іс жүзінде барлық жерде қолданылатын ереже болып табылады [2; 130].

Ағылшын жүйесінде прецедент доктринасы тек мәжбүрлік сипатқа ие. Ағылшын соттары басқа жағдайларда бұған жол бермейтін жеткілікті дәлелдер болған жағдайда да ертерек қабылданған шешімге сай шешім қабылдауға міндетті. Ағылшын құқығы кең дәрежеде прецедентке негізделген. Прецеденттік құқық судьялар шешім қабылдау процесінде құрған және қолданатын нормалар мен қағидалардан тұрады. Прецеденттік құқық - бұл, ең алдымен, істі қарау кезінде сот осыған ұқсас істің бұрын қаралғанын анықтайтын және егер қаралған жағдайда, сол ертерек қабылданған шешімді басшылыққа алатынын белгілейтін ереже. Басқаша айтқанда, бір рет шығарылған шешім одан кейінгі ұқсас істердің барлығын қарау кезінде міндетті болып табылатын норма. Судья уақыты бойынша соңғы істі қарау кезінде осы нормалар мен қағидаларды ескеруге міндетті, ал

роман-германдық құқықтық жүйеде және басқаларында олар тек судья өз шешімін шығарған кезде ескеретін материал ретінде ғана қызмет етеді. Ағылшын құқығы негізінен прецеденттік құқық болып табылатындығы, ағылшын судьясының қандай да бір нақты іс бойынша шешімі прецедент болып табылатындығын білдіреді. Уақыты бойынша кейінгі істі қарайтын судья, әдетте, әртүрлі прецеденттердің үлкен санына тап болады. Ол бұрын шығарылған шешімді өзі қарастырып отырған істі шеше алатын материалдың бөлігі ретінде қарастыруға мәжбүр болады немесе егер ол мұндай қарастыруға жол бермеу үшін жеткілікті дәлелдер таппаса, бұл істі алдыңғы шешілгендей шешуге мәжбүр болады. Ақырында, судья мұндай шешімге қарсы жеткілікті сенімді дәлелдер келтіргеніне қарамастан, істі дәл солай шешуге міндетті болуы мүмкін. Бұл жағдайда прецедент «міндетті» немесе «мәжбүрлеуші әрекетке ие» деп айталады [3; 208].

Прецедент ережесі егжей-тегжейлі қарастыруды қажет етеді, себебі прецеденттердің міндеттілік дәрежесі істі қарайтын соттың сот иерархиясындағы орынына және шешімі прецедентке айналуы мүмкін соттың орнына байланысты.

Сот жүйесінің қазіргі уақыттағы ұйымдастырылуы кезінде келесідей жағдай орын алған:

Жоғары инстанция шешімдері – Лордтар палатасының шешімдері – барлық басқа соттар үшін міндетті;

Екі бөлімшеден (азаматтық және қылмыстық) тұратын апелляциялық сот Лордтар палатасының және өзінің прецеденттеріне бағынуға міндетті, ал оның шешімдері барлық төменгі соттар үшін міндетті;

Жоғары сот (оның барлық бөлімшелері, соның ішінде апелляциялық соттар) екі жоғары тұрған инстанциялардың прецеденттермен байланысты, оның шешімдері барлық төменгі инстанциялар үшін міндетті, бірақ қатаң талап етілместен, Жоғары сот бөлімшелерінде істердің қаралуына ықпал етеді;

Округтық және магистральдық соттар барлық жоғары инстанциялардың прецеденттерін ұстануға міндетті, ал өздерінің шешімдері прецеденттер қалыптастырмайды. 1971 жылы аса ауыр қылмыстарды қарау үшін құрылған Тәж сотының шешімдері де прецедент болып саналмайды [4; 99].

Прецедент ережесі Англияда қалыптасқан дәстүр бойынша «қатаң» деп саналды. Мысалы салыстырмалы түрде қарастыратын болсақ, АҚШ соттарына қарағанда, Англияның сот инстанциясы бұрын құрылған прецеденттен бас тарта алмайды, оны тек жоғары тұрған инстанция немесе Парламент актісі өзгерте алады. Тіпті 60–шы жылдардың ортасына дейін ең жоғарғы сот инстанциясы – Лордтар палатасы да өзінің бұрынғы шешімдерімен байланысты деп саналды, нәтижесінде кейде тығырыққа тірелген жағдайлар орын алып отырды. 1966 жылы Лордтар палатасы бұл қағидаттан бас тартты.

Прецедент ережесі судьяға кедергі келтіреді деген түсінік те көп жағдайда қате. Әр түрлі істердің мән-жайларының толық сәйкес келуі жиі бола бермейтіндіктен, әдетте судьяның қалауы бойынша мән-жайларды ұқсас немесе ұқсас емес деп тану туралы шешім қабылданады, оған белгілі бір прецеденттік норманы қолдану, не қолданбау байланысты болады. Судья мән-жайлардың аналогиясын, бір қарағанда сәйкес келмейтіндей болып көрінген кезде де таба алуы мүмкін. Және сондай-ақ, ол мән-жайлардың ешқандай ұқсастығын таба алмауы да мүмкін, сонда – егер мәселе статуттық құқық нормаларымен регламенттелмесе – судьяның өзі құқықтық норманы қалыптастырады, яғни заң шығарушыға айналады. Жоғарыда айтылғандармен прецеденттік құқық шеңберіндегі сот қалауының мүмкіндіктері шектеліп қалмайды. Сот қалауына сот шешімінің дәстүрлі құрылымы да әсерін тигізеді. Ол әдетте егжей – тегжейлі қарастырылады және дәлелдемелер анализін, даулы фактілер туралы судьяның пікірін, сот шешім шығарған кезде басшылыққа алған уәждерді және сондай-ақ құқықтық қорытындыларды қамтиды. Сот шешімінің Остин заманынан бері «негізгі шешімдер» деп аталатын бөлігі ғана – сот шешімі негізделетін құқықтық ереже, прецедент болып табылады. Тек сол ғана міндеттілік сипатқа ие болады, сот шешімінің қалған бөлігі «жолай айтылған» деп аталады және міндетті ретінде қарастырылмайды [5; 161].

Ағылшын парламенті жыл сайын 80-ге дейін заң шығарады. Заң шығарушы органның сан ғасырлық қызметі нәтижесінде ол қабылдаған актілердің жалпы саны шамамен 50 көлемді томды құрайды.

Заң, нормаларды құрастырудың белгілі бір құрылымын, сипатын белгілейтін сот тәжірибесі талаптарының әсерімен қалыптасты. Осылайша, заң шығару техникасының казуистік стилі қалыптасты.

Бұл жерде Англия жазбаша Конституциясы жоқ санаулы мемлекеттердің бірі екендігін айта кеткен жөн. Оның орнын әлемдегі ең көне Парламент актілері алмастырады (700 жылдан астам уақыт қызмет етеді).

Заңдар санының өсуі жүйелеу мәселесін күрделендірді. Ағылшын құқықтық жүйесі – «кодификацияланбаған» деп анықталған құқықтық жүйелердің дәстүрлі өкілдерінің бірі. Мұнда әлі күнге дейін тек консолидация арқылы жүйелеу – яғни, бір мәселе бойынша заңнамалық ережелерді бір актіге біріктіру әдісі қолданылады. Қазіргі кезеңде жазбаша құқықтың артуы тек статуттардың көмегімен ғана емес, сонымен қатар, көп жағдайларда заңға тәуелді заң шығару арқылы да жүреді.

Ұлыбританияда, роман-германдық құқықтық жүйелерге қарағанда, атқарушы органдар басынан бастап «заңды жүзеге асыру» актілерін қабылдау өкілеттігінен айырылды. Аталған актіні жасау үшін атқарушы органға парламент тиісті өкілеттік беруі керек болды. Сол себептен Англиядағы атқарушы органдардың нормашығармашылығы «өкілетті» деп аталады [6; 89].

Бірде-бір елде заң мен сот практикасының арақатынасы проблемасы Англиядағыдай ерекше сипатқа ие болмаған. Бір қарағанда, бұл мәселе қарапайым түрде шешілетіндей көрінеді: заңның прецедент күшін жоюын бекітетін, ал заң мен прецедент қайшылыққа түскен кезде біріншісіне басымдық берітін ережелер әрекет етеді. Алайда, шындық әлдеқайда күрделі, себептердің бірі заңды сот арқылы түсіндірудің рөлі өте үлкен, оған сәйкес құқық қолдану органы тек заң мәтінімен ғана емес, сонымен бірге оған «түсіндіру прецеденттері» деп аталатын алдыңғы сот шешімдерінде берілген талқылаумен де байланысты.

Заңнама, құқық қайнар көзі ретінде тиімсіз жағдайда, себебі Парламент актісінің өзі сот прецедентіне айналатын соттық талқылауды талап етеді. Сондықтан парламенттік заңшығармашылықты прецеденттен жоғары құқық қайнар көзі ретінде қабылдау жағдайды жеңілдету болар еді.

Ағылшын құқығы континентальдық құқықтан айырмашылығы университеттерде, доктриналды дамымаған, заңгер ғалымдар емес, заңгер-практиктер дамытқан. Осыдан, құқықтық массивтің кейбір стихиялылығы мен ұшы-қиырсыздығы, құрылысында рационалдық бастаулар мен қатаң логиканың болмауы түсіндіріледі [4, 36].

Ағылшын құқығы қатаң салалық классификация тән емес, дегенмен де негізгі салалар тұрақты дамуға ие болды. Салаларға қарағанда құқықтық институттардың маңызы жоғарырақ. Сонымен қатар, жеке және жария құқыққа бөлудің болмауы, екінші жағынан, процедуралық құқықтың материалдық құқықтан сөзсіз басымдығы айқын көрінеді. Талап-арыз нысандары, дәлелдемелер, процедуралық ережелер, атап айтқанда, негізінен ауызша және үздіксіз сот ісін жүргізу, уәждеменің қысқалығы, шешім шығарудың қатаң рәсімі, әкімшілік істерді квази–сот талқылауының орбитасына қосу - ағылшан құқығының ерекшеліктерінің қатарына жатады. Осыдан неліктен заң нормалары абстрактілі емес, белгілі бір іске «байланған» казуистік екендігі түсінікті болады [2, 131].

Континенттік құқыққа ұқсас келмейтін мазмұны бар, тек қана ағылшын құқығына немесе негізінен оған тән кейбір нормативтік ұғымдар мен терминдердің айырықшалығы да бар. Мысалы, «траст» институты (сенімгерлік меншік) дәстүрлі түрде ағылшындық институт, «кінәнің» жалпы түсінігі белгілі бір теріс қылықтар түрін саралау кезінде қарастырылмайды. Сот практикасы жинақтарын, статуттар, шолулар жинақтарын ұзақ жылдар бойы және жүйелі түрде басып шығару үдерісі заңдарды жариялаудың ресми органының болмағандығын білдіртпейді.

Дегнімен де жалпы құқық постулаттарының консерватизмі уақыттың қысымына ұшырауда. Заңның рөлі артып келеді, халықаралық құқық пен ұлттықтан жоғары тұратын құқықтың айтарлықтай әсері айқын көрінеді. Ағылшын заңгерлерінің құқық шығармашылық пен құқық қолдану жөніндегі құқықтық тұжырымдамалары мен көз қарастары өзгеруде.

Д. Баркер бастаған ағылшын заңгерлері жазған «Құқық» кітабында қазіргі кездің легалды қайнар көздерне – құқықтық прецедент, заңнама (статуттар, берілген заңнаманы, Еуропалық қоғамдастық актілерін қоса алғанда), жергілікті әдет-ғұрыптарды жатқызады. Азаматтық, қылмыстық және өзге де соттарға, әкімшілік трибуналдарға, арбитраждарға және т.б., сондай-ақ заңгерлік кәсіп пен лауазымды заңды тұлғаларға сипаттама беріледі [7, 132].

Одан әрі қарай, кітапта ағылшын құқығы жүйесі ашылып қарастырылады. Оның құрамдас бөліктерін жіктеу төрт негізде жүзеге асырылады: қылмыстық құқық және азаматтық құқық, мемлекеттік құқық және жеке құқық, материалдық құқық және процессуалдық құқық, муниципалдық құқық және халықаралық жария құқық. Дегенімен, континенталдық құқыққа тән салалық құрылысқа қарағанда, ағылшын құқығы институттардың құқығы ретінде – тұлғалар құқығы (ұлты, тұрғылықты жері, неке және т. б.), келісімшарттар (шарттар) құқығы, зиян (зардап) келтіруден шығатын құқық, траст (сенім) қатынастары, меншік құқығы, сатып алу құқығы, қылмыстық құқық, процедуралар (азаматтық, қылмыстық, магистраттық соттарда және т.б.) құқығы ретінде қарастырылады [7, 122].

Көріп отырғандай, ағылшын құқығында жалпы құқықтың құрылымына әсер еткен көптеген ерекшеліктер бар.

Осыған қарамастан, соңғы онжылдықтарда ағылшын заңнамасы барған сайын жүйеленген сипатқа ие болуда. 1965 жылы Англияның Құқықтық комиссиясы құрылды, оған болашақта «Англияның барлық құқығын, тіпті оны кодификациялауға алып келетін реформалау» мақсатында құқықтың әртүрлі салаларында консолидацияланған көлемді заң актілерінің жобаларын дайындау тапсырылды. Сонымен қатар азаматтық және қылмыстық заңнаманы қайта қарау жөніндегі комитеттер, сондай-ақ заңнаманың жай-күйі туралы бірқатар сұрақтар бойынша есептерді дайындау және оны жетілдіру жөнінде ұсыныстар шығару тапсырылған әртүрлі корольдік комиссиялар қызмет атқарады. Көптеген дәйекті реформаларды жүзеге асыру нәтижесінде, қазіргі таңда, консолидацияланған көлемді актілер құқықтық институттардың басым көпшілігін реттейді, дегенмен де әлі күнге дейін ағылшын құқығының бірде-бір саласы толық кодификацияланбаған [7, 133].

Бастапқыда Англияда құрылған жалпы құқық жүйесі тек корольдік соттардың қызметінің нәтижесінде пайда болды. Оның пайда болуы мен дамуы корольдік билікпен тығыз байланысты болды, ал АҚШ-тағы идеялар мен жалпы құқық институттарын пайдалану әрқашан республикалық билікпен ажырамас тығыз байланыста болды. Бұл елдердің тарихи дамуының, саяси және жалпы мәдениетінің ерекшеліктері олардың құқықтық жүйелері мен құқықтық мәдениетінде де өшпес із қалдырды. Тарихи және басқа жағдайларға байланысты ағылшын құқығы әрқашан англосаксондық құқықтық отбасында немесе жалпы құқықтық құқықтық отбасында орталық, басым орынды иеленді және сол үрдісті жалғастыруда.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Давид Р. «Основные правовые системы современности», М.: Международные отношения, 1998. 358 с.
2. Тихомиров Ю.А. Публичное право. М.: Норма, 1995.334 с.
3. Кросс К. «Прецедент в Английском праве», М.: Юрист, 1985 г. 152 с.
4. Апарова Т.В. Суды и судебная система Великобритании. М.: Юрист, 1996. 302 с.
5. Булгакова Д. А. Мемлекет және құқық теориясы: оқу құралы. - Алматы: NURPRESS, 2016. - 124 б.
6. Арчер П. Английская судебная система. М.: Институт дружбы народов, 1959.244 с.

7. Табанов С.А. Салыстырмалы құқықтану негіздері: оқулық. - Алматы : Жеті жарғы, 2003 - 1-ші кітап. - 2003. - 461 б.

## ФОРМИРОВАНИЕ ПРАВОВОГО СОЗНАНИЯ У ОБУЧАЮЩИХСЯ СРЕДНИХ ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ ШКОЛ

*Мерембаева Г.Т., Педагог-исследователь, КГУ «Основная средняя школа № 64», Отдел образования г. Караганды Управления Образования Карагандинской области*  
*Турлаев С.А., учитель, КГУ «Основная средняя школа № 64» отдела образования города Караганды Управления Образования Карагандинской области*

Формирование правового сознания в современных условиях является важной и актуальной задачей. Это обусловлено тем, что в настоящее время возрастает роль правового регулирования общественных отношений. В правовом государстве основным регулятором общественных отношений являются правовые нормы, которые все больше и больше оказывают регулятивное воздействие на поведение каждого человека. Знание правовых норм, умение их использовать, являются важными компетенциями обучающихся. Важной компетенцией является возможность предвидеть неблагоприятные последствия, вызванные несоблюдением правовых норм. Эти и другие знания, умения и навыки по соблюдению, исполнению и использованию законодательства являются важными как для учащихся, так и для педагогов. Соответственно, знание и умение грамотно реализовать правовые нормы – является важнейшей компетенцией всех участников образовательного процесса.

Правовое сознание является важным фактором развития современного общества, основанного на принципах права, соблюдении прав человека и гражданина, уважении их чести и достоинства. В настоящее время в Казахстане осуществляется динамичное социально-экономическое, политическое и культурное развитие. Совершенствование отечественного права осуществляется достаточно динамично, при этом осуществляется поиск возможностей и условий эффективной реализации накопленного созидательного потенциала общества на пути построения правового демократического государства. Происходящие в общественной жизни глубокие преобразования затрагивают науку, культуру, государственное управление - всю систему общественных отношений. Они объективно обуславливают необходимость совершенствования правового образования.

В Концепции правовой политики Республики Казахстан до 2030 года закрепляется необходимость правового образования и правовой пропаганды. Правовое образование должно осуществляться на планомерной основе с учетом изменяющегося законодательства [1]. Значение знаний о праве постоянно возрастает, так как они выступают важными факторами поступательного развития общества и обуславливают реализацию потребностей конкретной личности. В правовой норме формулируется алгоритм поведения, основанного на законе, на основе которого человек достигает желаемого результата. Использование всех возможностей, которое предоставляет законодательство, позволяет достичь поставленных целей, не выходя за рамки, определенные правом. Это является основой правовой культуры – знание права и желание в повседневной жизни оценивать свои действия посредством правовых норм. Это, по существу и является правосознанием, которое дополняется нормами морали, нравственности. Представляется важным отметить связь правосознания с нормами морали и нравственности, поскольку нормы морали, как и нормы права являются основными регуляторами общественных отношений. Соответственно, правовая культура, как реализация правомерного поведения, обусловленного правосознанием также и результатом добросовестного (добропорядочного) поведения [2]. При этом, необходимо учитывать, что для формирования правовой и нравственной культуры у обучающегося, преподаватель должен обладать не только высокой нравственной культурой, но и знаниями современного права.